Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік заңнамасында даулар мен жанжалдарды шешудің және реттеудің баламалы тәсілдері көзделеді. Олардың бірі- медиативті келісім. Медиация дауды жеңілген тарап болмайтындай етіп реттеуге мүмкіндік береді. Медиация құқықтық дауларды реттеудің дербес тәсілі ретінде бейтарап делдалдың (медиатордың) қатысуымен келіссөздердің ерекше түрде ұйымдастырылған рәсімін білдіреді және ол тараптарға құқықтық дауды реттеу шарттарын талқылауға, яғни өзара тиімді шешім қабылдауға жәрдемдеседі. Сот практикасында істі сот талқылауына дайындау процесінде, сот отырысында судья тараптарға құқықтарды түсіндіру кезінде олардың дауды медиация тәртібімен реттеу ниеті туралы пікірін анықтайды. Судья тағайындалады, ал медиатор таңдалады. Медиацияның тағы бір артықшылығы- уақытты үнемдеу. Судья шешімді заңға қатаң сәйкестікте, ал медиатор – тараптардың мүдделерін ескере отырып, бірақ заң шеңберінде қабылдайды. Медиацияны жүргізетін судья медиация өткізілетін күнді тағайындайды және тараптарға оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарлайды. Сотта медиация «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және АПК-де белгіленген ерекшеліктерге сәйкес жүргізіледі.



Дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім сот актісін орындау сатысында жасалған жағдайда, ол сот актісі орындалатын жердегі бірінші сатыдағы сотқа немесе көрсетілген сот актісін қабылдаған сотқа бекітуге ұсынылады. Кез келген дау кезінде медиаторды тартуға болады. Медиацияның артықшылығы- бұл тығырықтан шығудың жолын табуға мүмкіндік береді.

Татуластыру рәсімдерінің басты мақсаты – екі тарапты қанағаттандыратын және жанжал деңгейін төмендететін өзара тиімді және бейбіт келісімге қол жеткізу болып табылады.

Сот ісінен айырмашылығы, дауды тараптардың реттеу кезінде «кінәлі» немесе «кінәсіз» тараптар болмайды, өйткені құқықтың осы саласының қағидаттары жауапкершілікке тартуды емес, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен қалпына келтіруді көздейді, яғни медиация істі мүмкіндігінше сотқа жеткізбеуге тырысады.

Сонымен қатар келісімді орындаудан жалтарған жағдайда мүдделі тарап келісім бойынша міндеттемені орындау туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Іс бітімгершілік келісіммен, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісіммен немесе дауды парсипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісіммен аяқталған жағдайда талап қою кезінде төленген мемлекеттік баж қайтарылуға жатады.

**Тілдің тағдыры- елдің тағдыры**

Қазақстан Республикасының егеменді, тәуелсіз мемлекет екендігін айқындайтын негізгі конституциялық құқық белгілерінің бірі - мемлекеттік тіл. «Сөзі жоғалған жұрттың, өзі де жоғалады» - деген халқымыздың ұлы ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлы. Жер бетіндегі кез келген халықтың мәңгілік болып қалуы - ұлттық тілінің сақталып қалуы болып табылады. Қазақ халқының бар рухани қуатын бойына сіңірген ардақты асылы-тіл. Әр халық өз тілі арқылы әлемді, дүниені, өмірдің құнды тағылымдарын таниды, елінің мәдениетін жасайды, келешек ұрпаққа түйген тұжырымдарын жеткізеді, мемлекеттік тілінің мәртебесін көтереді. Біздің, яғни қазақ халқының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Кез - келген тілдің «тірі организм» ретінде дамып жетілуі, өркендеп кемелденуі тұрмыс-тіршіліктің барша саласында кең қолданатын тұтынушыларының көп болуымен тығыз байланысты. Ал, тіл тұтынушыларының аз-көп болуы, біріншіден, ұлттың саны мен сапасына, екіншіден, ұлт өмір сүріп отырған мемлекеттің тілдік саясатына байланысты. Қазақстан - көп ұлтты мемлекет. Қай ұлттың өкілі

болмасын Қазақстанда тұрады екен, оны Отаным деп мойындап, оның гүлденуі үшін қызмет етуі тиіс. «Бір халықпыз, өзгелерге үлгі - өнеге көрсететін ұлтпыз. Сонымен қатар Қазақстан мемлекетінің азаматы екенімізді жан-жүрегімізбен түсінсек, болашақ ұрпаққа Отан алдында жауапты екенін ұғындырсақ, тіл мәдениетін көтеріп, оның ішінде өзге тілдерге көлеңке түсірмей, өркендетуге болады. Тіл мәселесі кезең-кезеңімен жүйелі шешіліп келеді. Тілге қатысты көп сөзден гөрі айқын да нақты істер керек. Қазақстанда тілді дамыту үшін барлық жағдайлар жасалып жатыр. Ендігінің бәрі өзімізге байланысты.

Халқымыздың «Қай тілде сөйлесең, сол тілде ойлайсың. Қай тілде ойласаң, сол тілдің жанашырысың», «Өсер ел, алдымен, тілін қадірлейді» деген сөздері есімізден шығармаған дұрыс.

**Ф.Мусина,**

**Егіндікөл аудандық сотының бас маманы, сот мәжілісінің хатшысы**

**О противодействию коррупции в сфере АПК**

Под коррупцией понимается незаконное использование лицами, занимающими ответственную государственную должность, лицами, уполномоченными на выполнение государственных функций, лицами, приравненными к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, должностными лицами своих должностных (служебных) полномочий и связанных с ними возможностей в целях получения или извлечения лично или через посредников имущественных (неимущественных) благ и преимуществ для себя либо третьих лиц, а равно подкуп данных лиц путем предоставления благ и преимуществ. Важную роль в вопросах противодействия коррупции играют проводимые мероприятия по предупреждению возможных проявлений, а также внедрение системы превентивных мер. В Егіндықольской районной территориальной инспекции КГИ в АПК МСХ РК в целях профилактики коррупционных проявлений разработан план работы по противодействию коррупции на 2024 год, ежедневно ведется разъяснительная работа по противодействию коррупции с регистрацией в журнале о проведении инструктажа о недопущении коррупционных правонарушений государственными инспекторами. Вывешена информация об оказании государственных услугах с указанием порядка и сроков исполнения. Предоставлена возможность воспользоваться уголко самообслуживания. Все рабочие процессы фиксируются посредством видеонаблюдения. Сотрудники инспекции снабжены

видеорегистраторами. При оказании государственных услуг сотрудниками неукоснительно соблюдаются требования Этического кодекса государственных служащих Республики Казахстан, нормы Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.

В обязательном порядке включается вопрос о противодействии коррупции в ходе проведения совещаний. Периодически организуются заседания по Школе правовых знаний. Проводятся выступления и диалоги в рамках проекта «Антикор life». В здании территориальной инспекции имеется ящик для обращений граждан, а также стенды с номерами телефонов доверия.

Борьбу с коррупцией в пределах своей компетенции обязаны вести все государственные органы и должностные лица, проявлять вежливость и корректность при исполнении служебных обязанностей, не оказывать предпочтение физическим и юридическим лицам, быть независимым от их влияния при исполнении должностных обязанностей. **По возникающим вопросам обращаться в Егіндықольскую районную территориальную инспекцию КГИ в АПК МСХ РК по адресу: с. Егіндықоль, ул. Победы 7, 2 этаж. Тел. 8-716-42-2-13-34.**

**Г.Амангельдинов,**  
**руководитель Егіндықольской РТИ КГИ в АПК МСХ РК**

**Мемлекеттік қызмет**

«Ақмола облысы білім басқармасының Егіндікөл ауданы бойынша білім бөлімі Егіндікөл ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2024 жылдың 1 сәуірінен бастап 31 тамызына дейін EGOV.KZ «ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ ПОРТАЛЫ» арқылы 1-сыныпқа құжаттарды қабылдауды жүзеге асыруда.

Құжаттарды қабылдау ережелері: Балаларды мектепке қабылдау тәртібі 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрықпен бекітілген Үлгілік қағидаларда айқындалған.

2024 жылдан бастап құжаттарды қабылдау мерзімі күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін ұзартылды; Бірінші сыныпқа алты жастан бастап даярлық деңгейіне қарамастан балалар және ағымдағы күнтізбелік жылы алты жасқа толатын, білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағында тұратын балалар келесі құжаттарды ұсынумен қабылданады:

- мәлімдеме;
- өлшемі 3x4 см баланың суреті (2 дана);
- «Бала денсаулығының паспорты» 052-2/у нысанды анықтама.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша, биылғы жылдан бастап «Бала денсаулығының паспорты» ақылы түрде сатып алудың қажеті жоқ. Баланың денсаулық паспортын баланың тіркелген жері бойынша емханалар мөрі бар анықтама түрінде тегін беретін болады.

Байланыс телефоны: 2-14-94.

**Егіндікөл ауылының №1 ЖОББМ әкімшілігі**

**КГУ «Кабинет психолого-педагогической коррекции №19, село Егіндықоль Егіндықольский район» управления образования Акмолинской области оказывает государственную услугу «Реабилитация и социальная адаптация детей и подростков с проблемами в развитии»**

Государственная услуга оказывается бесплатно физическим лицам.

Срок оказания государственной услуги

- 1) Срок оказания – от 90 календарных дней до 365 календарных дней;
- 2) максимально допустимое время ожидания для сдачи документов - не более 15 минут;
- 3) максимально допустимое время обслуживания - не более 15 минут.

График работы: с понедельника по пятницу включительно, кроме выходных и праздничных дней, с 9.00 до 18.30 часов, с перерывом на обед с 13.00 до 14.30 часов, согласно Трудовому кодексу Республики Казахстан.

Прием заявления и выдача результата осуществляется с 9.00 до 17.30 часов с перерывом на обед с 13.00 до 14.30 часов.

Предусмотрена предварительная запись по телефону 8(7642)21269 и при непосредственном обращении устроуполучателя.

Перечень документов необходимых для оказания государственной услуги:

- 1)заявление родителя (законного представителя) устроуполучателя в произвольной форме;
- 2) заключение психолого-медико-педагогической консультации.

При обращении устроуполучателя через портал:

- 1) заявление родителя (законного представителя) устроуполучателя в произвольной форме;
- 2) заключение психолого-медико-педагогической консультации.

**Адрес: село Егіндықоль улица Школьная 11**  
**Телефон: 8(71642)21269, 87774759247**

**2024-жылға жазылу жалғасуда**

Біздің газетке жазылуды кез-келген «Қазпошта» АҚ бөлімшесінде рәсімдеуге болады. Басылымға жазылудың біржылдық бағасы - 3183 теңге, жартыжылға-1592 теңге. Газеттің шығу мерзімі - аптасына бір рет, дүйсенбі күндері. Газеттің электрондық нұсқасына жазылуды редакцияның бухгалтериясында рәсімдеуге болады.

Сіз газеттің шығарылымын PDF форматында өзіңіздің электрондық поштаңыздың мекен-жайына газетті баспаханана тапсыру кезінде ала-аласыз. Газеттің электрондық нұсқасына жазылымның бағасы -1000 теңге. Газеттің жартыжылдық жазылымын редакциядан алу (Победа көшесі,7) -1300 теңге. Жазылымның бұл нұсқасын Сіз редакцияның бухгалтериясында рәсімдей аласыз.

Егер де сіз біздің газетке жазылып, ол сізге келмесе немесе барлық нөмірлері бірдей келмесе, осы факт туралы «Алтын астық» редакциясына: 2-13-69 телефоны бойынша хабарласуыңызды өтінеміз. Газет мемлекеттік және орыс тілдерінде жарық көреді. Сіз біздің газеттен өзіңізге қызықты әрі пайдалы мәліметтер аласыз, аудан жаңалықтарын білетін боласыз, өзіңіздің және әріптестеріңіздің фотосуреті мен материалдарын көре аласыз! Біздің газет Егіндікөл ауданының тыныс- тіршілігіне немісқұрайлы қарамайтын барлық жандар үшін үлкен сүйіспеншілікпен шығарылады.

## Мемлекеттік қызмет

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына сәйкес, жеке және заңды тұлғаларға тиесілі есепте тұрған машиналар жылына бір рет «Егіндікөл ауданының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі» ММ-де «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнаулы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу қағидаларын бекіту туралы» Көрсетілетін қызметті алушы (не оның өкілі) көрсетілетін

қызметті берушіге жүгінген кезде жеке және заңды тұлғалар үшін мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:  
жеке тұлға (не сенімхат бойынша оның өкілі): нысан бойынша өтініш, машинаны тіркеу құжаты (техникалық паспорт); электрондық тасымалдағыштағы электрондық-цифрлық қолтаңбаның кілті (флеш-жинақтауыш); заңды тұлға (не сенімхат бойынша оның өкілі): нысан бойынша өтініш, машинаны тіркеу құжаты (техникалық паспорт); осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша машиналарды мемлекеттік техникалық байқау актісіне енгізу үшін машиналар туралы мәліметтер, электрондық жеткізгіштегі электрондық цифрлық

қолтаңба кілті (флеш-жад).

2024 жылға көктемгі-дала жұмыстарын жүзеге асыратын «Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнаулы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу қағидаларын бекіту туралы» техникалық байқау кестесі

	Атауы	Орын	Күні	Уақыты
1	«АСКОП» ЖШС, Егіндікөл ауылы жеке және заңды тұлғалар	Техниканың орналасқан жері бойынша	10.04.2024	Сағат 10.00 ден 12.00 дейін. Сағат 15.00 ден 17.00 дейін.
2	«СХП Шарафутдинов и К» ЖШС, Егіндікөл ауылы жеке және заңды тұлғалар	Техниканың орналасқан жері бойынша	11.04.2024	Сағат 10.00 ден 12.00 дейін. Сағат 15.00 ден 17.00 дейін.
3	«Қоржынкөл-А» ЖШС, Қоржынкөл ауылы жеке және заңды тұлғалар	Техниканың орналасқан жері бойынша	12.04.2024	Сағат 15.00 ден 18.00 дейін.
4	«Бауманское 07» ЖШС, Бауман ауылы жеке және заңды тұлғалар	Техниканың орналасқан жері бойынша	15.04.2024	Сағат 15.00 ден 18.00 дейін.
5	«Бауманское 2030» ЖШС, Бауман ауылы жеке және заңды тұлғалар	Техниканың орналасқан жері бойынша	16.04.2024	Сағат 15.00 ден 18.00 дейін.
6	«Ушаково-Агро» ЖШС, Ұзынкөл ауыл округі жеке және заңды тұлғалар	Техниканың орналасқан жері бойынша	17.04.2024	Сағат 15.00 ден 18.00 дейін.
7	«Сарымсақты» ЖШС, Алакөл ауыл округі жеке және заңды тұлғалар	Техниканың орналасқан жері бойынша	18.04.2024	Сағат 15.00 ден 18.00 дейін.
8	«Жұлдыз КП» ЖШС, Жалманқулақ ауыл округі жеке және заңды тұлғалар	Техниканың орналасқан жері бойынша	19.04.2024	Сағат 15.00 ден 18.00 дейін.
9	Абай ауылы жеке және заңды тұлғалар	Техниканың орналасқан жері бойынша	22.04.2024	Сағат 15.00 ден 18.00 дейін.
10	Спиридоновка ауылы жеке және заңды тұлғалар	Техниканың орналасқан жері бойынша	23.04.2024	Сағат 15.00 ден 18.00 дейін.

В соответствии с правилами государственной услуги «Проведение ежегодного государственного технического осмотра тракторов и изготовленных на их базе самоходных шасси и механизмов, прицепов к ним, включая прицепы со смонтированным специальным оборудованием, самоходных сельскохозяйственных, мелиоративных и дорожно-строительных машин и механизмов, а также специальных машин повышенной проходимости» техническому осмотру один раз в год подлежат машины, принадлежащие физическим и юридическим лицам и состоящие на учете в ГУ «Отдел сельского хозяйства, земельных отношений и предпринимательства Егіндықольского района», согласно

графика.  
Перечень документов, необходимых для оказания государственной услуги при обращении услугополучателя (либо его представителя) к услугодателю, для физических и юридических лиц:  
физическое лицо (либо его представитель по доверенности): заявление по форме, регистрационный документ на машину (технический паспорт); ключ электронно-цифровой подписи на электронном носителе (флеш-накопитель); юридическое лицо (либо его представитель по доверенности): заявление по форме, регистрационный документ на машину (технический паспорт); сведения о машинах, для внесения

в акт государственного технического осмотра машин по форме, согласно приложению к настоящему Стандарту государственной услуги, ключ электронно-цифровой подписи на электронном носителе (флеш-накопитель). График технического осмотра тракторов и изготовленных на их базе самоходных шасси и механизмов, прицепов к ним, включая прицепы со смонтированным специальным оборудованием, самоходных сельскохозяйственных, мелиоративных и дорожно-строительных машин и механизмов, а также специальных машин повышенной проходимости осуществляющих весенне-полевые работы на 2024 год.

	Наименование	Место	Дата	Время
1	ТОО «АСКОП», юр. и физ. лица села Егіндықоль.	По месту нахождения техники	10.04.2024	С 10.00 до 12.00 ч. С 15.00 до 17.00 ч.
2	ТОО «СХП Шарафутдинов и К», юр. и физ. лица села Егіндықоль.	По месту нахождения техники	11.04.2024	С 10.00 до 12.00 ч. С 15.00 до 17.00 ч.
3	ТОО «Қоржынкөл-А», юр. и физ. лица села Қоржынкөл.	По месту нахождения техники	12.04.2024	С 15.00 до 18.00 ч.
4	ТОО «Бауманское 07», юр. и физ. лица села Бауманское.	По месту нахождения техники	15.04.2024	С 15.00 до 18.00 ч.
5	ТОО «Бауманское 2030», юр. и физ. лица села Бауманское.	По месту нахождения техники	16.04.2024	С 15.00 до 18.00 ч.
6	ТОО «Ушаково-Агро», юр. и физ. лица Узынкөлского сельского округа.	По месту нахождения техники	17.04.2024	С 15.00 до 18.00 ч.
7	ТОО «Сарымсақты», юр. и физ. лица Алакөлского сельского округа.	По месту нахождения техники	18.04.2024	С 15.00 до 18.00 ч.
8	ТОО «Жұлдыз КП», юр. и физ. лица Жалманқулақского сельского округа.	По месту нахождения техники	19.04.2024	С 15.00 до 18.00 ч.
9	юр. и физ. лица села Абай	По месту нахождения техники	22.04.2024	С 15.00 до 18.00 ч.
10	юр. и физ. лица села Спиридоновка	По месту нахождения техники	23.04.2024	С 15.00 до 18.00 ч.

## С чего начать, чтобы стать официально безработным?



Способы предоставления государственной услуги

«Регистрация лиц, ищущих работу»:

- 1) услугодатель (Карьерный центр);
- 2) веб-портал «Электронного правительства»: [www.egov.kz](http://www.egov.kz) (далее – Портал [egov.kz](http://egov.kz));
- 3) портал [enbek.kz](http://enbek.kz)

Срок оказания государственной услуги 1 (один) рабочий день. Форма оказания государственной услуги электронная (частично автоматизированная) / бумажная. Результат оказания государственной услуги «Уведомление о регистрации в качестве лица, ищущего работу» либо мотивированный ответ об отказе в оказании государственной услуги по основаниям. Государственная услуга оказывается бесплатно.

График работы услугодателя и объектов информации:

- 1) услугодателя – с понедельника по пятницу с 9.00

часов до 18.30 часов с перерывом на обед с 13.00 часов до 14.30 часов, кроме выходных и праздничных дней, согласно Трудовому кодексу Республики Казахстан;

2) Портала [egov.kz](http://egov.kz) – круглосуточно, за исключением технических перерывов в связи с проведением ремонтных работ (при обращении услугополучателя после окончания рабочего времени, в выходные и праздничные дни согласно Трудовому кодексу Республики Казахстан, прием заявлений и выдача результатов оказания государственной услуги осуществляется следующим рабочим днем);

3) портала [enbek.kz](http://enbek.kz) – круглосуточно, за исключением технических перерывов в связи с проведением ремонтных работ

Перечень документов необходимых для оказания государственной услуги Для регистрации в качестве лица, ищущего работу, услугополучатель предъявляет услугодателю:

- 1) заявление по форме согласно приложению 1 к перечню;
- 2) документ, удостоверяющий личность услугополучателя, либо электронный документ из сервиса цифровых документов

(для идентификации личности);

3) документ, подтверждающий трудовую деятельность (при наличии);

4) документ об образовании, квалификации, наличии специальных знаний или профессиональной подготовки (при наличии);

После удостоверения личности и введения данных в АИС «Рынок труда» документы возвращаются услугополучателю. Для регистрации в качестве лица, ищущего работу, через Портал или государственный информационный портал «Электронная биржа труда» услугополучатель заполняет форму сведений для регистрации в качестве лица, ищущего работу, согласно приложению 2 к настоящему перечню в форме электронного документа, удостоверенного электронной цифровой подписью услугополучателя. На Портале

уведомление о принятии заявки с указанием даты получения результата государственной услуги направляется в «личный кабинет» услугополучателя.

Основания для отказа в оказании государственной услуги, установленные законодательством Республики Казахстан:

- 1) установление недостоверности документов, представленных услугополучателем для получения государственной услуги, и (или) данных (сведений), содержащихся в них;
- 2) несоответствие представленных сведений услугополучателем, необходимых для оказания государственной услуги, требованиям установленным настоящим Перечнем.

Иные требования с учетом особенностей оказания государственной услуги, в том числе оказываемой в электронной форме.

Адреса мест оказания государственной услуги размещены на:

- 1) [www.enbek.kz](http://www.enbek.kz);
- 2) [Контактные телефоны справочных служб услугодателя по вопросам оказания государственной услуги указаны на интернет-ресурсе \[www.enbek.kz\]\(http://www.enbek.kz\).](http://www.egov.kz</a>;</li>
</ol>
</div>
<div data-bbox=)

Единый контакт-центр: «1414».

«Для использования цифрового документа необходимо пройти авторизацию в мобильном приложении с использованием электронно-цифровой подписи или одноразового пароля, далее перейти в раздел «цифровые документы» и выбрать нужный документ. Сервис цифровых документов доступен для авторизованных пользователей в мобильном приложении»

А.Уразалинова,  
директор

Филиал «Карьерный центр Егіндықольского района»

Өзекті

**Игі бастау**



«Жақсының жақсылығын айт нұры тассын, жаманның жамандығын айт құты қашсын»- деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. Осынау қасиетті Рамазан айында ауыл тұрғындары үшін тосын сый жасап, жерлестерінің жақсы өмір сүрулеріне өзіндік үлес қосқан «Сеилов С.К» жеке кәсіпкерлігінің 1-сәуірден бастап ашқан ауыл ішілік адам таситын автобус қызметінің жақсы жаңалық болғандығы сөзсіз. Жеке кәсіпкер Серік ағай көлікті өзі тізгіндеп, таңнан кешке дейін оқушыларды мектепке, қызметкерлерді жұмыс орындарына тасымалдауда. Осы автобус бағытын, уақытын және жүруін қадағалайтын жауапты «Егіндікөл аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары»

мемлекеттік мекемесінің бас маманы Құдайбергенов Рустам Құдайбергеноұлымен сұхбаттасқан едік. - Сеилов Серік ағаның бастауымен ашылған бұл автобустың басты тұтынушылары – ол мектеп оқушылары деп ойлап отырмыз. Себебі, бүгінгі таңда мектеп оқушыларын білім ордасына қауіпсіз жеткізу біз үшін басты мақсат екендігі сөзсіз. Ауылдың ересектері үшін билет құны -100 теңге болса, балалар үшін билет құны – 50 теңгені құрайды. Жеке кәсіпкердің жеке бастауымен ашылған бұл маршрут бірінші күннен оң нәтиже берді. Егер де осылай жалғасып, сұранысқа ие болатын болса аудан әкімдігі тарапынан қолдау жасалынып, мемлекеттік субсидия бөлу жоспарда бар. Болашақта негізгі бағыт - мектеп жасындағы оқушы болатындығы сөзсіз. Алдағы уақытта ауыл ішінде осы автобус маршрутына сәйкес 20-21 автотұрақ белгісі, 10 аялдама орнату жоспарланып отыр. Осынау игі іс жалғасын тауып, ауыл тұрғындары үшін пайдалы болатындығына сенеміз. Әрине, жеке кәсіпкерге тұрғындардың қолдауы да қажет. Көктемгі демалыстан кейін 4-тоқсанның алғашқы күні үйінен шығып, осы автобуспен мектептеріне жету оқушылар үшін өте қуанышты сәт болғандығын оқушылармен сөйлескенде байқадық. - Мен бүгін мектепке автобуспен келдім. Үйден мектепке дейінгі жол мен үшін Астана қаласына саяхат сияқты көрінді. - Мен де бүгін автобуспен келдім. Қазіргі қолайсыз ауа-райында автобуспен жүрген дұрыс деп ойлаймын. Бағасы да қымбат емес. Міне, осындай жылы лебіздерге толы күннен кейін Серік ағамыздың игі бастауы жалғасын тауып, болашақта ауыл тұрғындары қалаған уақытында, қалаған жеріне еркін жете алатындығына сенеміз. Жаңа бастауға сәттілік тілейміз!

**Балшых А.**

**Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы**



Алаштың көрнекті қайраткері, ағартушы-ғалым, ұлт ұстазы, әліппенің атасы, қоғам қайраткері, ақын, әдебиеттанушы Ахмет Байтұрсынұлы туралы кеңінен таныстыратын болсақ. Ахмет Байтұрсынұлы — қазақ тіл білімін дамытуда айрықша маңызға ие болған тұлға. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің табиғатын терең зерттеп, араб тілінің негізінде жаңа қазақ алфавитін құрды. Ол сол кезде қазақ тілінің даму қажеттіліктерін қанағаттандырмайтын, оның грамматикалық және фонетикалық құрылымын көрсетпейтін латын, әсіресе орыс алфавитін енгізуге қарсы болды. Ол өз халқына әліппе сыйлап, қазақ тілінің фонетикасы, морфологиясы, синтаксисінің негізін қалады, алғашқы оқулықтарды жазды. Әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынұлы жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу- ағарту идеясына сол кезіндегі интелгенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті

«Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Тағы асыл мұраларының бірі – «Маса» жинағы. Ызыңдап, үстінде ұйықтағанның айнала ұшып - еріншек, жалқау адамдардың ұйқыдағы күйден оянуына жұмыс жасайды. Жалпы, «Маса» жинағының мақсаты- оқуға, білімге, рухани құндылыққа шақыру, еңбек етуге үндеу, адамдық қасиетті қорғау. Оятуға септігін тиізгені- қазақтың ескі өмірін дәріптеу, отар болған елдегі кемшілікті көрсету, елді мәдениеттендіру мақсаты болды. «Жақсының хаты өлмейді» дегендей, атамның әрбір шығармасы, елеулі еңбегі біздің ұлттық қазынамызға айналды. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахмет Байтұрсынұлының тағы бір зор еңбегі — ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлыныңкі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жаңғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы. Байтұрсынұлының зерттеу еңбектері негізінде қазақ әдебиеті дамудың жаңа сатысына көтерілді. Сапа жағынан, теория жағынан іргелес елдермен тең дәрежеге жетті. Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілі мен әдебиетін теория жағынан шыңдады. Оны халқымыздың «Ұлт ұстазы» деп дәріптейтіні де сондықтан.

**Д.Тұяқова,  
Көркем ауыл кітапханасы**

**ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ ЖӨНІНДЕ ЖАДНАМА**

Құрметті Егіндікөл аудан және ауыл тұрғындары. Өрттің пайда болуының алдын- алу үшін келесі өрт қауіпсіздігі қағидаларын еске сақтаңыздар: Электр сымдарының, ажыратқыштардың, розеткалардың жарамдылығын қараңыздар. Электр құрылғыларын, плиталарды жанбайтын тіреуіштерге перделермен жиһаздардан қашық жерге қойыңыздар. Қуаттылығы жоғары электр құрылғыларын бір жерге қосылуына жол бермеңіздер, бұл электр желілерінің асқын жүктемесіне алып келеді. Қолдан жасалған электр қыздырғыш құралдарды қолданбаңыздар. Қыздырғыштарды киім кептіруге пайдаланбаңыздар.

Бөлмелерді жылытқанда газ және электр құрылғылары өшірілгеніне көз жеткізіңіздер. Уақытылы жылыту пештерін жөндеңіздер, түтіндіктерді күйеден тазартыңыздар. Жылыту пештерінің алдына 50x70 см металл қағып қойыңыздар. Сіріңкелер мен оттықтарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыздар. Төсекте, үйдің ішінде шылым шекпеңіздер.

**ӨРТ КЕЗІНДЕ «101» НЕМЕСЕ «112» НӨМІРЛЕРІНЕ ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗДАР**

Қазақстан Республикасы Төтенше Жағдайлар Министрлігі Ақмола облысы Егіндікөл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ШАРАЛАРЫ.

Достар, есте сақтаңыздар: газды үлкендер болмаған жағдайда сіріңкемен жағушы болмаңдар ол өмірге қауіпті.

Салюттер немесе шартылдақпен ойнауға болмайды. Оттан абай болыңыздар, орман мен үйді қорғаңыздар. Жарамсыз электр құралдардан пайдаланбаңыздар. Жарамсыз электр розеткаларын пайдаланбаңыздар. Егер өрт шығып қалса, батыл болып тезірек «101» қоңырау шал. Мекен- жайды нақты айтып, не жанды және ұзақ жанды ма: дегенге жауап беруге тырысыңдар. Аз уақыттың ішінде өрт сөндіруші тез жетеді.

**Уважаемые жители и гости села Егиндыколь!**

Сообщаем о том, что с 1 апреля 2024 года запускается автобусный маршрут по селу Егиндыколь. Маршрут будет обслуживаться ИП «Сеилов С.К.». Маршрут будет следовать в одном направлении. Схема маршрута

с обозначенными местами остановок автобуса, график следования автобуса будут опубликованы в социальных сетях, так же будут размещены в салоне автобуса в виде информации.

Из-за весенне-паводковых условий, установка стационарных остановок, так же установка знаков автобусной остановки не представляется возможным. С улучшением погодных условий, будут установлены на всех обозначенных местах. Приносим свои извинения за временные неудобства.

**Продолжается подписка на районную газету**

Подписку на нашу газету вы можете оформить в любом отделении АО «Казпочта». Стоимость годовой подписки на издание составляет 3183 тенге, полугодовой – 1592 тенге. Периодичность выхода газеты – один раз в неделю по понедельникам. Подписка на электронную версию газеты Вы можете оформить в бухгалтерии редакции. Вы будете получать выпуски газеты в формате PDF на свой адрес электронной почты в момент сдачи газеты в типографию. Стоимость полугодовой подписки на электронную версию газеты – 1000 тенге.

Подписка полугодовая с получением газеты в редакции (ул. Победы, 7) – 1300 тенге. Оформить этот вариант подписки Вы можете в бухгалтерии редакции.

Если Вы подписались на нашу газету, и она к Вам не пришла или пришли не все номера, то просим сообщить об этом факте в редакцию «Алтын астық» по телефону: 2-13-69. Газета издается на государственном и русском языках. В нашей газете вы найдете для себя много интересного и полезного, будете в курсе новостей в районе, увидите материалы и фото себя и своих коллег! Газета с любовью издается для всех, кто неравнодушен к жизни в нашем Егиндыкольском районе.

<b>Редакцияның мекен-жайы: 020600 Ақмола облысы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі, 7. Тел/факс:2-1369, Электронды пошта: egindikolinfo@mail.ru</b>					
Меншік иесі: «Егіндікөл info» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Директор-редактор Гурбанова Светлана Михайловна	Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны үшін жауапкершілік жарнама берушіге жүктеледі. Жарнама берушілер жіберген кәсіптік бойынша шағымдар жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін	Газет « Алтын астық »газетінің редакциясында дайындалды, терілді, жинақталды. Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанов көшесі 24/1 «Дунасарова А. Д.» ЖК басылып шықты	Мемлекеттік тілдегі материалдарға жауапты Балшых Ахмарал Жинақтаушы оператор Алиева Анастасия	Тіркеу куәлігі №15838-Г 17.02.2016 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі берген Таралымы 505 дана аптасына 1 рет дүйсенбі күндері шығарылады.